Көкбастау ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде ІҚМ аналық (сауын) мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер

№ 2 кесте

№	Елді мекен атауы	Жайылым алаңы, (га)	Сауын сиырлардың болуы (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га)	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, %	Артықшылық, (га)
1	Теріс ауылы	435	186	0,8*4	595,2	-160,2	73,08	-
2	Бақалы ауылы	310	211		675,2	-365,2	45,9	
3	Көктөбе ауылы	114	251		803,2	- 689,2	14,2	-
4	Қосбөлтек ауылы	184	382		1222,4	-1038,4	15	
	Барлығы	1043	1030		3296	- 2253	31,6	-

Көкбастау ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер

№ 3 кесте

№	Елді мекен атауы	Малдық болуы түрлері бойынша (бас)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Жайылымдарды бөлу	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, (%)
		ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	Қорытынды (га)		
1	Теріс ауылы	185	78	77				592	31	308	931, 2	Махашев Оралбек - 60 га Сағынбекова Эльмира - 80 га Мынбаев Аскар	


												– 100 га Тулеп берген о в Кунан бай – 98 га	25
2	Бақалы ауылы	179	120	43				573	48	172	792,8	Наурызкулов Наркозы – 98 га Қорытынды: 436	
3	Косбөлек ауылы	155	90	35	0,8*4	0,1*4	1*4	496	36	140	672	Ахмет о в Асхар – 120 га Фазил о в Бахром – 215 га Бегалиева Назымкүл – 70 га Нуралиева Шахида – 137 га	51
4	Көктөбе ауылы	168	110	94				537	44	376	957,6	Усенов Есенали – 40 га Ахмет о в Ауез – 250 га Қорытынды: 832 га	
	Жалпы	687	398	249				2198	159	996	3 353,6	1268	37,8

Көкбастау округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды

Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары

Жылдар	Өріс 1	Өріс 2	Өріс 3	Өріс 4
2022	Көктемгі-жазғы маусым	Жазғы маусым	Күзгі маусым	Демалушы өріс
2023	Демалушы өріс	Көктемгі-жазғы маусым	Жазғы маусым	Күзгі маусым

Ескертпе: 1, 2, 3, 4- Жылдық жайылым айналымдарын пайдалану реттілігі




Шартты белгілер:


- X 2 Ауылдарға жақын жайылымдар
- Мал жайылым айналымдары
- Елді мекен шекаралары


Көкбастау округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 3-
қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдық сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта







Шартты белгілер:

-  Ауылдық округ шекарасы
-  Елді мекен жайылымдары
-  Ішкі және сыртқы шекарадағы маусымдық жайылымдар
-  Су көздері, (өзендер, көлдер т.б.)
-  Сыртқы жайылымдар



Шартты белгілер:










-  Ауылдық округ шекарасы
-  Ішкі шекарадағы маусымдық жайылымдар
-  Негізгі су көздері, өзендер, көлдер т.б
-  Инфрақұрылым нысандары

Көкбастау округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 4-
қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:

	Ауылдық округ шекарасы
	Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суару орындары және басқа да су көздері
	Елді мекендер шекаралары
	Егістік
	Табиғи жайылымдар
	Жайылым айналымдары
	Жайылымдық инфрақұрылым объектілері
	Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың маусымдық маршруттары
	Жайылым пайдаланушылардың қол жеткізу маршруты

Көкбастау округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 5-
қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



Көкбастау округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 6-
қосымша

Ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілер:



Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шалғайдағы жайылымдарында ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру



Ауылдық округ шекарасы



Егістік жерлер
Жалпы шалғайдағы жайылымдар

Көкбастау ауылдық округінде
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 7-
қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі



№	Елді мекен жерлері	Жайылымға малдардың айдап шығару мерзімі	Жайылымнан малдардың қайтару мерзімі
1	Теріс	Сәуір айының бірінші жартысы	Қазан айының екінші он күндігі
2	Бақалы	Сәуір айының бірінші жартысы	Қазан айының екінші он күндігі
3	Көктөбе	Сәуір айының бірінші жартысы	Қазан айының екінші он күндігі
4	Қосбөлтек	Сәуір айының бірінші жартысы	қазан айының екінші он күндігі

Көкбастау округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 8-
қосымша

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген карта



Шартты белгілер:

- X ауылдарға жақын жайылымдар
-  ішкі мал жайылу шекаралары
-  сыртқы мал жайылу шекаралары
-  елді мекен шекаралары
-  егістік жерлер
-  суармалы егіс жерлер

Жуалы аудандық мәслихатының
2022 жылғы 08 қыркүйектегі
№30-2 шешіміне 10-қосымша

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар

Күреңбел ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" (бұдан әрі - Жайылымдар туралы Заң), Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" №173 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" №3-3/332 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспар құрамында:

13)құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Күреңбел ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7-қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген карта (8-қосымша);

Жоспар: Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер; ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер; иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер; ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер; шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер; екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері; малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер; мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Күреңбел ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар.

Ауылдық округтің жалпы жер қоры 27385 га, оның ішінде егістік – 7229 га, жайылым жерлері – 6192 га.

Жер санаттары бойынша бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 13456 га;

елді мекендер жері - 4124 га;

барлық басқа да жерлер – 426 га;

Табиғи жағдайлар бойынша Күреңбел ауылдық округінің аумағы құрғақ және күрт континенттік, қысы қатал, жиі қарлы боран соғады, жазы орташа ыстық, жылдық жауын- шашын мөлшері аз. Топырағы ауыр саздақты, орташа қабатты карбонатты, ашық қара қоңыр.

Күреңбел ауылдық округінде 9 сібір ошағы орыны, 1 биотермиялық шұңқыр, (Беккер шұңқыры) бар.

2022 жылдың 1 қаңтарына Күреңбел ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара мал 3570 бас, оның ішінде 1025 бас аналық мал, 18500 бас қой мен ешкі, 955 бас жылқы бар. Оның ішінде жұртшылық малы:

Күреңбел ауылында ірі қара мал 2705 бас, оның ішінде аналық мал 750 бас, қой мен ешкі 8070 бас, жылқы 605 бас. Жайылым алаңы - 2392 га;

Қаратас ауылында ірі қара мал 305 бас, оның ішінде аналық мал 150 бас, қой мен ешкі 1580 бас, жылқы 200 бас. Жайылым алаңы – 1226 га.

Шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: Ірі қара мал 560 бас, оның ішінде аналығы 125 бас, қой мен ешкі 8850 бас, 185 бас жылқы.

Шаруа қожалықтарының жайылым алаңы - 6192 га құрайды.

Күреңбел ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын жайылымдық алқаптармен қамтамасыз ету үшін барлығы 9810 га. елді мекен шегінде 3618 га жайылымдар бар.

Күреңбел ауылдық округінде ІҚМ – 7 табын, жылқы – 3 табын және қой мен ешкі 4-кезек бар.

Ауылдық округте екпе және аридтік жайылымдар жоқ. Мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жайылымдар туралы Заңының 15-бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Күреңбел, Қаратас ауылдары) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекендер жайылымдық алқаптарында 3618 га көлемінде, жүктеме нормасы $0,8*4,0$ га*900 бас болғанда жайылым жерлерінің қажеттілігі 2880 га құрайды, яғни 125,6 пайызға қамтамасыз етілген.

Жергілікті халықтың басқа да ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жер қажеттілігі 13832 га. Жайылымның жалпы ауданына түсетін жүктеменің рұқсат етілген нормасы ІҚМ - $0,8*4$ га*бас, қой мен ешкі – $0,1*4$ га*бас, жылқы – $1*4$ га*бас.

Қажеттілік:

ІҚМ үшін - $2110*0,8*4$ га =6752 га;

Қой мен ешкі үшін - $9650 * 0,1*4$ га=3860 га;

Жылқы үшін - $805 * 1*4$ га =3220 га;

Барлығы: 13832 га.

Қалыптасқан 4541 га көлеміндегі жайылым алқаптарының қажеттілігін, елді мекеннің ауыл шаруашылық мал бастарын: Байсақалова М. - 150 га, Жебешов Д. - 150 га, Садықов Т. – 252 га, Миябаева Д. - 30 га, Кудериева Г. - 28 га, Усенбаева С. - 23 га, Байғонысов Н. - 87 га, Нысанов А. - 1313 га, Бердалиев Б. -14 га, Жақыпбеков А. - 200 га, Баялиев Ж. - 30 га, Жапаров Р. - 257 га, Киргизбаев Б. -470 га, Тултаева Л. - 278 га, Заурбекова К. - 33 га, Саурықов Е. - 700 га, Юсупов Ж. - 62 га, Темірбекова Ж. - 20 га, Темірбеков Н. - 20 га, Джамалбекова П. - 37 га, Нұрғабылов Д. - 12 га, "Күреңбел" ӨК - 385 га, шаруа қожалықтарына тиесілі жайылымдық жерлерде жаю есебінен өтеуге болады.

Осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес, Күреңбел ауылдық округінің жергілікті халқының ауылшаруашылығы жануарларының мал басына қажетті жетіспейтін жайылымды шешу жолы:

1)"Жолшын" шаруа қожалығы 5-7 шақырым радиуста орналасқан 50 га жайылымдық жерін өз еркімен әкімшілік есебіне қайтарды. "Құрсай" және "Спорный" жайылым жерлерін қайтару бойынша жұмыстар атқарылуда.

2)Күреңбел ауылдық округі әкімі аппараты мен шаруа қожалық иелері арасындағы меморандум бойынша шаруа қожалықтарға тиесілі 3209 га жерге егістік жерлерге жиынынан кейін ІҚМ 265 бас, қой мен ешкі 5600 бас және 30 бас жылқы жаю есебінен.

Қой мен ешкі – $5600 \cdot 0,1 \cdot 4$ га = 2240 га.

ІҚМ – $265 \cdot 0,8 \cdot 4$ га = 849 га.

Жылқы – $30 \cdot 1 \cdot 4$ га = 120 га

Барлығы: 3209 га.

3) таулы аймақтағы және шалғайдағы жайылымдары бар шаруаларға тиесілі 2460 га жайылым жерлерге топтап отыру бойынша ІҚМ 300 бас, қой мен ешкі 3250 бас және 50 бас жылқы жаюға Күреңбел ауылдық округі әкімі аппараты мен шаруа қожалық жетекшілері арасында меморандум жасалды.

Қой мен ешкі – $3250 \cdot 0,1 \cdot 4$ га = 1300 га.

МІҚ – $300 \cdot 0,8 \cdot 4$ га = 960 га.

Жылқы – $50 \cdot 1 \cdot 4$ га = 200 га.

Барлығы: 2460 га.

4) Бөкей тау бөктеріндегі және Билікөл ауылдық округі аумағындағы жайылымдық алқаптарда қой мен ешкі 3700 бас, ІҚМ 300 бас және 120 бас жылқы жайылуда.

МІҚ – $300 \cdot 0,8 \cdot 4$ га = 960 га.

Қой мен ешкі – $3700 \cdot 0,1 \cdot 4$ га = 1480 га.

Жылқы – $120 \cdot 1 \cdot 4$ га = 480 га.

Барлығы: 2920 га.

4) ауылдық округте бордақыда тұрған мал басы саны есебінен 702 га үнемделеді.

ІҚМ – $120 \cdot 0,8 \cdot 4$ га = 384 га.

Қой мен ешкі – $315 \cdot 0,1 \cdot 4$ га = 126 га.


Жылқы – $48 \cdot 1 \cdot 4$ га = 192 га.

Барлығы: 702 га.




Барлық қажетті 9291 га жайылым жерлерді жоғарыда көрсетілген тармақшаларға сәйкес толықтыру қажет.

Күреңбел ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 1 –
қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Күреңбел ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Шартты белгілері :

-  Ауылдық округтің шекарасы
-  Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылым
-  Елді мекендер жайылымдары

Күреңбел ауылдық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелерінің тізімі

№ 1 кесте

№	Жер учаскелерін пайдаланушылардың аты-жөні	Жайылым алаңы, (га)	Малдың түрлері бойынша бар болуы, (негізгі)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Артық жайылымдар, (га)
			ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	Жиын (га)	
1	Усенбаева С.О.	23,0	-	-	-				-	-	-	-	23
2	Турдалиев Т.А.	67,0	16	85	8				51,2	34	32	117,2	-50,2

3	Байғо нысов Н.Қ.	109, 0	7	-	-
4	Темір беков Н.Қ.	20	-	-	-
5	Нысан ов А.М.	1 421	4	52	19
6	Байту риев Ж.	28,0	7	30	3
7	Солты баев Е.Б.	150, 0	129	-	-
8	Берда лиев Б.Е.	34,0	-	-	5
9	Кенже таева С.М.	37,0	2	105	7
10	Абита ев Д.М.	50,0	-	-	20
11	Сейта лиев М.	71,0	56	-	-
12	Саура нбаева Б.О.	29,0	10	211	-
13	Жақы пбеко в А.А.	200,0	-	-	-
14	Турда лиев Р.А.	13,0	5	-	2
15	Мияба ева Д.	62,5	2	35	2
16	Алиев а З.Б.	45,0	50	3 000	5
17	Темір бекова Ж.	20,0	-	-	-
18	Нурбе кова А.А.	134	5	150	15
19	Нағаш беков Е.Т.	150	11	60	30

22,4	0	0	22,4	86,6
0	0	0	0	20
12,8	20,8	76	109,6	1 311, 4
22,4	12	12	46,4	-18,4
412,8	0	0	412,8	-262,8
0	0	20	20	14
6,4	42	28	76,4	-39,4
0	0	80	80	-30
179,2	0	0	179,2	-108,2
32	84,4	0	116,4	-87,4
0	0	0	0	200
16	0	8	24	-11
6,4	14	8	28,4	34,1
160	1 200	20	1 380	-1 335
0	0	0	0	20
16	60	60	136	-2
35,2	24	120	179,2	-29,2

38	Джамалбекова П.	37,3	-	-	-			0	0	0	0	37,3
39	"Күреңбел" ӨК	385	-	-	-			0	0	0	0	385
	Барлығы	6 193,42	560	8 850	186			1 792	3 540	744	6 076	117,42

Күреңбел ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде ІҚМ аналық (сауын) малдарын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер

№ 2 кесте

№	Елді мекен атауы	Жайылым алаңы, (га)	Сауын сиырлардың нақты саны (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га)	Жайылымдармен қамтамасыз етілмегені, (га)	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, %	Артық жайылымдар, (га)
1	Күреңбел ауылы	2392	750	0,8*4	2400	-8	99,7	-
2	Қаратас ауылы	1226	150	0,8*4	480	746	255,4	746
	Барлығы	3618	900	0,8*4	2880	738	125,6	746-

Күреңбел ауылдық округі бойынша жер учаскелерінің меншік иелері бөлігінде ауыл шаруашылығы малдарының басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі мәліметтер

№ 3 кесте

№	Елді мекен атауы	Малдың түрлері бойынша болуы, (негізгі)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Жайылымдарды бөлу	Қажеттіліктерді қамтамасыз ету, %
		ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	Қорытынды (га)		
												Жапаров Р. - 257 га Тултаева Л. - 278 га Заурбекова К. - 30 га	

1	Күрең бел ауылы	2 705	8 070	605				8 656	3 228	2 420	14 304	Кудер иева Г . - 28 га Берда лиев Б . - 14 га Жақы пбеко в А. - 200 га Садық ов Т. - 240 га Усенб аева С . - 23 га Нысан ов А. - 1313 га Нұрға былов Д. - 12 га " Күрең бел" ӨК - 385 га Қорыт ынды: 2780 га
					0,8* 4	0,1* 4	1*4					Темір беков Н. - 20 га Мияба ева Д. - 30 га Темір бекова Ж. - 20 га Баяли ев Ж. - 33 га Кирги збаев


2	Қаратас ауылы	305	1 580	200			976	632	800	2 408	Б. - 470 га Байғонысов Н. - 87 га Саурьков Е. - 700 га Жебешов Д. - 150 га Байсақалова М. - 150 га Юсупов Ж. - 64 га Джамалбекова П. - 37 га Қорытынды: 1761 га
	Жалпы	3 010	9 650	805			9 632	3 860	3 220	16 712	4541

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 2 – қосымша




Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары

Жылдар	Өріс - 1	Өріс - 2	Өріс -3	Өріс - 4
2022	Көктемгі-жазғы маусым	Жазғы маусым	Күзгі маусым	Демалатын өріс
2023	Демалатын өріс	Көктемгі жазғы маусым	Жазғы маусым	Күзгі маусым

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 - жылына өрісті пайдалану кезегі



Шартты белгілері :

-  Ауылдық округтің шекарасы
-  Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылымдар
-  Елді мекендер жайылымдары

-  Егістік жерлер
-  Жазғы маусым
-  Көктемгі- жазғы маусым
-  Күзгі маусым

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 3-қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта




Шартты белгілері :





- Ауылдық округтің шекарасы
- Елді мекендер
- Елді мекендер жайылымдары
- Табиғи жайылымдар
- x Жайылымдық инфрақұрылым нысандары
- Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және маусымдық қозғалыс маршруттары

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 4 – қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы




Шартты белгілері :

-  Ауылдық округтің шекарасы
-  Табиғи жайылымдар
-  Елді мекендер жайылымдары
-  Су көздері (өзендер, көлдер, тоғандар және т. б.)

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 5 – қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Шартты белгілері :




Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру

Күреңбел ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 6 -
қосымша

Ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілері :



Ауыл шаруашылы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 7 – қосымша


Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Елді мекен атауы	Жайылымға малдардың айдап шығару мерзімі	Жайылымнан малдардың қайтару мерзімі
---	------------------	--	--------------------------------------

1	Күреңбел ауылы	Сәуір айының бірінші жартысы	Қазан айының екінші он күндігі
2	Қаратас ауылы	Сәуір айының бірінші жартысы	Қазан айының екінші он күндігі

Күреңбел ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 8-қосымша

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және аяндары белгіленген карта



Шартты белгілері :



Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын орналастыру

Қызыларық ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар

Қызыларық ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" (бұдан әрі - Жайылымдар туралы Заң), "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" №173 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" №3-3/332 бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Қызыларық ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7-қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген карта (8-қосымша);

Жоспар: Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер; ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер; иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер; ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер; шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер; екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері; малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер; мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Қызыларық ауылдық округінде 5 ауылдық елді мекен бар.

Қызыларық ауылдық округі аумағының жалпы көлемі 16010 га., оның ішінде егістік – 6163 га., жайылым жерлері – 5293 га.

Жер санаттары бойынша бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер - 8609 га.

елді мекендер жері - 2841 га.

барлық басқа да жерлер - 31 га.

Табиғи жағдайлар бойынша Қызыларық ауылдық округінің аумағы таулы - жазық аймақта орналасқан. Топырағы саздақты, ашық каштанды және кей жерлерде ашық қара қоңыр топырақпен ерекшеленеді.

Қызыларық ауылдық округінде 1 мал дәрігерлік пункт бар.

2022 жылдың 1 қаңтарына Қызыларық ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) мүйізді ірі қара 2057 бас, оның ішінде 1068 бас сауынды сиыр, 11761 бас қой мен ешкі, 1084 бас жылқы бар.

Оның ішінде:

Қызыларық ауылында ірі қара мал 251 бас, оның ішінде аналық 114 бас сауынды сиыр, қой мен ешкі 2369 бас, жылқы 99 бас. Жайылым алаңы - 520 га.

Ақтөбе ауылында ірі қара мал 477 бас, оның ішінде аналық 235 бас сауынды сиыр, қой мен ешкі 1685 бас, жылқы 112 бас. Жайылым алаңы – 1337,4 га.

Алатау ауылында ірі қара мал - 358 бас, оның ішінде аналық 216 бас сауынды сиыр, қой мен ешкі 2214 бас, жылқы 109 бас. Жайылым алаңы - 886,6 га.

Сұрым ауылында ірі қара мал 367 бас, оның ішінде аналық 137 бас сауынды сиыр, қой мен ешкі 1633 бас, жылқы 77 бас. Жайылым алаңы – жоқ.

Теріс-Ащыбұлақ ауылында ірі қара мал 202 бас, оның ішінде аналық 57 бас сауынды сиыр қой мен ешкі 394 бас, жылқы 15 бас. Жайылым алаңы – 8 га.

Қызыларық ауылдық округіндегі шаруа қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 402 бас, қой мен ешкі 3466 бас, жылқы 672 бас. Шаруа қожалықтарының жайылым алаңы – 2541 гектарды құрайды.

Ауылдық округ бойынша ауыл шаруашылығы малдарын жайылымдық алқаптармен қамтамасыз ету үшін барлығы 5293 гектар, елді мекен шегінде 2752 гектар жайылым бар.

Қызыларық ауылдық округінде ІҚМ - 8 табын, жылқы – 5 табын, қой мен ешкі -10 отар бар.

Ауылдық округте екпе және аридтік жайылымдар жоқ. Мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жайылымдар туралы Заңының 15-бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Қызыларық, Ақтөбе, Алатау, Сұрым, Теріс-Ащыбұлақ ауылдары) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауынды сиыр) мал басын ұстау бойынша жайылымдық алқаптарында 2752 га көлемінде, жүктеме нормасы $0,8 \cdot 4 \text{ га} \cdot 759$ шартты мал басына болғанда, қажеттілік 2428,8 га құрайды, яғни 113 пайызға қамтылған.

Жергілікті халықтың басқа да ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жер қажеттілігі 10262 га, жайылымдардың жалпы алаңдарына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасы ІҚМ басына жүктеме нормасы $0,8 \cdot 4 \text{ га} \cdot \text{бас}$, қой мен ешкі – $0,1 \cdot 4 \text{ га} \cdot \text{бас}$, жылқы – $1 \cdot 4 \text{ га} \cdot \text{бас}$.

Шалғайдағы қыстақ малдарын қоспағанда қажеттілік:

ІҚМ үшін - $1655 \cdot 0,8 \cdot 4 \text{ га} = 5296 \text{ га}$.

қой мен ешкі - $8295 \cdot 0,1 \cdot 4 \text{ га} = 3318 \text{ га}$.

жылқы үшін - $412 \cdot 1 \cdot 4 \text{ га} = 1648 \text{ га}$.

Барлығы: 10262 га.

Осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес, Қызыларық ауылдық округінің жергілікті халқының ауыл шаруашылығы жануарларының малына қажетті жетіспейтін жайылымды шешу жолы:

1) 5 шаруа қожалықтың 5-7 шақырым радиуста орналасқан 230 га анықталды. Аталған жайылымдық жерге 72 бас ірі қара малды жаюға болады.

2) 5 шақырым радиуста орналасқан шаруа қожалық жетекшілерімен 5607 га егістік жерлерінен дәнді дақылдарын жинағаннан кейін ІҚМ 1011 бас, қой мен ешкі 3808 бас, 212 бас жылқы жаюға меморандум жасалды.

3) таулы аймақтағы және шалғайдағы жайылымдары бар шаруаларға тиесілі 1776 га жерлерге топтап отыру бойынша меморандум жасалды (305 бас МІҚ, 200 бас жылқы).


4)босалқы жер қорындағы 1517 га жайылымдық жерді округке қосу арқылы ІҚМ 267 бас, қой мен ешкі 1657 бас жайылыммен қамтамасыз етіледі.

5)Қалған 2830 бас қой мен ешкі Көкбастау және Нұрлыкент ауылдық округтерінің 1132 га жайылымдық жеріне жайылады.

Барлық қажетті 10262 га жайылым жерлерді жоғарыда көрсетілген тармақшаларға сәйкес толықтыру қажет.

Қызыларық ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 1 –
қосымша


Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Қызыларық ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы



Шартты белгілер:




Ауылдық округтің шекарасы



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылымдар



Егістік жерлер



Суармалы егістік жерлер



Елді мекен шекаралары

Қызыларық ауылдық округі аумағындағы жер учаскелерінің меншік иелерінің тізімі

№ 1 кесте

№	Жер пайдаланушылардың тізімі	Жайылым алаңы, (га)	Түрлері бойынша малдың болуы, (бас)			Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)			Жайылымдардың қажеттілігі, (га)				Артық жайылымдар, (га)
			ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	ІҚМ	Қой мен ешкі	Жылы	Жиынты (га)	
1	Ахметов Торехан	2	7	-	1				22,4	-	4	26,4	-24,4
2	Сейсебаев Муратали	7	3	-	-				9,6	-	-	9,6	-2,6
3	Миралиева Кулданыш	6,6	-	41	-				-	16,4		16,4	-9,8
4	Зиябеков Муслим	1	2	13	6				6,4	5,2	24	35,6	-34,6
5	Сыздықбаев Фархат	59,4	110	-	-				352	-	-	352	-292,6
6	Ахметова Калдиз	19	225	-	-				720	-	-	720	-701

20	Комбаров Малик	100	-	-	-	-	-	-	-	100
21	Сагар о в Калижан	50	66	-	60	211,2	-	240	451,2	-401,2
22	Жұмашев Абен	120	-	674	-	-	269,6	-	269,6	-149,6
23	Жолдыбек Абылай	150	-	-	-	-	-	-	-	150
24	Елекбаев Айбек	150	-	-	-	-	-	-	-	150
25	Сабыров о в Бахтияр	6	5	4	-	16	1,6	-	17,6	-11,6
Барлығы:		2 541	647	5 355	304	2 070,4	2 142	1 216	5 428,4	-2 887,4

Қызыларық ауылдық округі бойынша елді мекендер бөлінісінде ІҚМ аналық (сауын) мал басын орналастыру үшін жайылымдарды бөлу жөніндегі мәліметтер


№ 2 кесте

№	Елді мекені	Жайылым алаңы, (га.)	Сауын сиырлардың болуы (бас)	Жайылымға қажеттілік нормасы 1 бас, (га)	Жайылымдардың қажеттілігі, (га.)	Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га.)	Қажеттіліктің қамтамасыз етілуі, %	Артықшылық, (га.)
1	Қызыларық	520	114	0,8*4	364,8	155,2	142	155,2
2	Ақтөбе	1337,4	235		752	585,4	177	585,4
3	Алатау	886,6	216		691,2	195,4	128	195,4
4	Сұрым	0	137		438,4	-438,4	0	
5	Теріс Ащыбұлақ	8	57		182,4	-174,4	4,3	
	Барлығы	2752	759		2428,8	323,2	113	323,2

Қызыларық ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 2-қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлы схемалары

Жылдар	Өріс 1	Өріс 2	Өріс3	Өріс 4
2022	Көктемгі-жазғы маусым	Жазғы маусым	Күзгі маусым	Демалушы өріс
2023	Демалушы өріс	Көктемгі-жазғы маусым	Жазғы маусым	Күзгі маусым



Шартты белгілер:




Жайылым айналымдары



Елді мекен шекаралары

Қызыларык ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 3-
қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта



Шартты белгілер:



Ауылдық округ шекарасы




Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жайылымдар












Ішкі және сыртқы шекарадағы маусымдық жайылымдар

Қызыларық ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспарға 4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



Шартты белгілер:

-  Ауылдық округ шекарасы
-  Көлдер, өзендер, тоғандар, мал суару орындары және басқа да көздер
-  Елді мекендер
-  Егістік
-  Табиғи жайылымдар
-  Жайылым айналымдары №
-  Жайылымдық инфрақұрылым нысаны
-  Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю және жылжытудың маусымдық маршруттары
-  Жайылым пайдаланушылардың қол жеткізу маршруты

Қызыларық ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 5-
қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы




Шартты белгілері:



Жайылымдары жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу

Қызыларық ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 6-
қосымша

Ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы



Шартты белгілер:



Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шалғайдағы жайылымдарында ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру.

Қызыларық ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 7-
қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Ауылдық округ атауы	2022 жылғы өрістер саны				2023 жылғы өрістер саны			
		1	2	3	4	1	2	3	4
1	Қызыларық	КЖМ	ЖМ	ДӨ	ЖКМ	КЖМ	ЖМ	ЖКМ	ДӨ

Ескерту: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ШҚ – шаруа қожалық

ІҚМ – ірі қара мал

КЖМ –көктемгі-жазғы маусым;


ЖКМ – жазғы-күзгі маусым;

ЖМ – жазғы маусым;





ДӨ – демалушы өріс.

Қызыларық ауылдық округі бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі 2022-2023
жылдарға арналған жоспарға 8-
қосымша

Жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген карта



Шартты белгілер:

-  Ауылдық округ шекарасы
-  Ауылдарға жақын жайылымдар
-  Ішкі мал жайылу шекаралары
-  сыртқы мал жайылу шекаралары

Жуалы аудандық мәслихатының
2022 жылғы 08 қыркүйектегі
№30-2 шешіміне 12-қосымша

Мыңбұлақ ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған жоспар

Мыңбұлақ ауылдық округі бойынша 2022-2023 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының "Жайылымдар туралы" (бұдан әрі - Жайылымдар туралы Заң), "

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі " Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" №173 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті жол берілетін нормасын бекіту туралы" №3-3/332 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Жоспар құрамында:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Мыңбұлақ ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген карта (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы (5-қосымша);

6) ауылдық округ маңында орналасқан жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарға орналастыру схемасы (6-қосымша);

7) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі (7-қосымша);

8) жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге қарай жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға халық мұқтажын қанағаттандыру үшін қажетті жайылымдардың сыртқы мен ішкі шекаралары және алаңдары белгіленген карта (8-қосымша);

Жоспар: Жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер; ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер; иелерін – жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер; ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер; шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер; екпе және аридтік жайылымдарда ауыл

шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері; малды айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер; мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып жайылымдарды ұтымды пайдалану, азыққа қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозуын болдырмау мақсатында қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Мыңбұлақ ауылдық округінде 2 ауылдық елді мекен бар.

Ауылдық округтің жалпы жер қоры 15801 гектар, оның ішінде егістік – 6042 гектар, жайылым жерлері – 3796 гектар.

Жер санаттары бойынша бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 9895 га;

елді мекендер жері – 1508 га;

барлық басқа да жерлер – 1839 га;

қордағы жерлер – 4296 га.

Табиғи жағдайлар бойынша Мыңбұлақ ауылдық округінің аумағы күрт континенттік, қысы қатал, жиі қарлы боран соғады, жазы орташа ыстық. Көксай және Ақсай каналының бөлігі суықтау, округтің қалған бөлігі континенттіліктің барлық ерекшеліктерімен сипатталады. Жылдық жауын-шашын мөлшері орташа.

Топырақ негізінен сары және қара түсті. Округ аумағынан көп таралған топырақтың сары карбонатты түрлері кездеседі. Олар негізінен орта және төменгі тау аумағындағы жазықтарда, сондай-ақ төменгі үстірттерде таралған.

Мыңбұлақ ауылдық округінде 1 мал дәрігерлік пункті, 2 сібір ошағы орны, 1 биотермиялық шұңқыр (Беккер шұңқыры) бар.

2022 жылдың 1 қаңтарына Мыңбұлақ ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және ЖШС, ШҚ) ірі қара мал 1890 бас, оның ішінде 1323 бас аналық мал, 5919 бас қой мен ешкі, 521 бас жылқы бар. Оның ішінде халықтың малы:

Көлбастау ауылында ірі қара мал 873 бас, оның ішінде 613 бас аналық мал, қой мен ешкі 1814 бас, жылқы 185 бас. Жайылым алаңы – 297 га;

Талапты ауылында ірі қара мал 715 бас, оның ішінде 487 бас аналық мал, қой мен ешкі 1609 бас, жылқы 123 бас. Жайылым алаңы – 364 га.

Шаруа және фермерлік қожалықтарындағы мал басы: Ірі қара мал 302 бас, оның ішінде аналығы 198 бас, қой мен ешкі 2496 бас, 213 бас жылқы. Шаруа қожалықтардың жайылым алаңы – 3796 га.

Мыңбұлақ ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы малдарын жайылымдық алқаптармен қамтамасыз ету үшін барлығы 4457 га, елді мекен шегінде 661 га жайылымдар бар.

Ауылдық округте ІҚМ – 5 табын, жылқы – 3 табын және 6-кезек қой мен ешкі бар.

Ауылдық округте екпе және аридтік жайылымдар жоқ. Мал айдауға арналған сервитуттар орнатылмаған.

Жайылымдар туралы Заңның 15-бабына сәйкес жергілікті халықтың мұқтаждығы үшін (Көлбастау, Талапты ауылдары) ауыл шаруашылығы жануарларының аналық (сауын) мал басын ұстау бойынша елді мекендердің жайылымдық алқаптарында 661 га көлемінде, жүктеме нормасы $0,8*4$ га*1125 бас болғанда жайылым жерлерінің қажеттілігі 3520 га құрайды.

Жергілікті халықтың басқа да ауыл шаруашылығы малдарын жаю бойынша жайылымдық жер қажеттілігі 10500 га. Жайылымның жалпы ауданына түсетін жүктеменің рұқсат етілген нормасы ІҚМ – $0,8*4$ га*бас, қой мен ешкі – $0,1*4$ га*бас, жылқы – $1*4$ га*бас.

Шалғайдағы қыстақ малдарын қоспағанда жайылымдарға қажеттілік:

ІҚМ үшін – 1890 бас* $0,8*4$ га = 6048 га;

Қой мен ешкі үшін – 5919 бас* $0,1*4$ га = 2368 га;

Жылқы үшін – 521 бас* $1*4$ га=2084 га.

Барлығы: 10500 га.

1419,7 га көлемінде қалыптасқан жайылым алқаптарының қажеттілігін 118,2 га - Отарбаев Адилханға, 76,6 га - Сатаров Дауанға, 15,5 га Саяков Керимбекке, 42,6 га Гоев Алманға, 76,7 га - Урысбаев Ұлықбекке, 66 га - Бегалы Нұржігітке, 78 га - Халықтаев Ерланға, 68 га - Айдосов Нурмахамбетке, 61,1 га - Мажибаев Пердебайға, 172 га - Ахметов Оскенбайға, 164 га - Ашыкбеков Шырынбекке, 40 га - Абдиханов Кыдырбекке, 123,6 га - Майкенов Нұрдәулетке, 58 га - Усенбаев Даулетке, 27,6 га - Бердимбетов Рашиддинге, 54,8 га -Капалбеков Даулетбекке, 157 га - Пешенова Айманға, 20 га - Уәлихан Сейітжанға (шаруа қожалықтарға) тиесілі жайылым жерлерге жаю есебінен өтеуге болады.

Осы Жоспардың 5-қосымшасына сәйкес, Мыңбұлақ ауылдық округінің жергілікті халқының ауыл шаруашылығы жануарларының мал басына қажетті жетіспейтін жайылымды шешу жолы:

1. елді мекенге қайтарылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы 25,4 га жайылымға сауынды сиырлар жайылады.

